

Автор мақаласында Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен әлемдегі басқа да мемлекеттердегі франчайзинг заңын реттеу мәселесін қарастырады. Шетел Заңында франчайзинг қатынасына байланысты терминологиялық бірлік жоқ. «Франшиза» термині құқық немесе құқықтық реттеуді талап ететін келісімшарт бойынша міндеттер мен құқық қатынасы дегенді білдіреді.

The Republic of Kazakhstan - one of the few countries that have legal regulation franchising relations. In the article of the masters degree candidate Medeubaev Azamat is considered the problematics of legislative regulation of a franchise in the Republic of Kazakhstan, in the Russian Federation and in other countries of the world. The foreign legislation has no terminological unity concerning a franchise. «Franchise» means the term either the rights, or relations of the right and the obligation under the contract, arrangements.

М. Оразханқызы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Кәсіпкерлік - экономиканың барлық салалары мен аумақтарына таралған көп қырлы экономикалық қызметтің түрі. Кәсіпкерлік бастамаға негізделген әрекет болғандықтан өндірістің барлық кезеңдерінде кездеседі. Бір-бірінен тәуелсіз болғанымен кәсіпкерлік қызметтің бұл түрлері бір-бірімен ұштасып жатуы мүмкін. Кәсіпкерлік қызметтің қандай да түрі нақты ұйымдастырушылық нысанда жүргізілуі мүмкін және әртүрлі құқықтық реттеу механизмдері қолданылады. Нарықты экономиканың дамуы қоғамдық қатынастардың өзгеруіне себеп болып, шаруашылық қызметті реттейтін көптеген заңдар мен нормативтік актілердің өзгеруіне және жаңадан қабылдануына себеп болды. Кәсіпкерлік қызметтің пайда болуына және дамуына негіз болған актілер қатарына «Қазақ КСР-ындағы шаруашылық қызмет бостандығы мен кәсіпкерлік қызметтің дамуы туралы», «Жеке кәсіпкерлік қызметті қорғау және қолдау туралы» заңдар жатқызсақ. 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы ерікті кәсіпкерлік қызмет құқығын тек бекітіп қана қоймай, оның негізгі кепілдіктерін де бекітті. Сонымен қатар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың құқықтық негізі болып ҚР Конституциясына сай қабылданған Азаматтық Кодексті айтуға болады.

Кәсіпкерлік қызмет түсінігінің құқықтық бекітілуі бірнеше кезеңдерден өтті. Алғашқы рет кәсіпкерлік қызмет түсінігі «Қазақ КСР-ындағы шаруашылық қызмет бостандығы мен кәсіпкерлік қызметтің дамуы туралы» Заңында өз көрінісін тапқан. Осы заңға сәйкес әрекет етіп жатқан заңның шегінде өзінің несиелік немесе басқа мүліктер есебінен бастамашылық негізде жүргізілетін шаруашылық қызмет деп бекіткен. Осы заңға сәйкес кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде азаматтар мен заңды тұлғалар бекітілген болатын. Осы заңнан кейін қабылданған (1991 ж.) кеңестік «Азаматтардың кәсіпкерлігінің негіздері туралы» заңға сәйкес кәсіпкерлік қызмет ретінде пайда немесе жеке табыс табуға бағытталған азаматтардың ерікті бастамашылық қызметі деп бекіткен [1, с. 30]. Одан кейінгі заңдарда да кәсіпкерлік қызметтің анықтамасы осындай бағытта берілген болатын.

Кәсіпкерлік қызметті басқа қызмет түрлерінен, оның ішінде шаруашылық қызметінен бөліп көрсету үшін оның белгілеріне талдау жасау қажет. Заң жүзінде кәсіпкерлік қызметтің келесі түрдегі белгілері бекітілген: 1) еріктілік және тәуелсіздік негізде; 2) бастамашылық негізінде; 3) пайда табу немесе сұранысын қамтамасыз ету үшін; 3) тәуекел негізінде жүзеге асыру.

Нарықты экономика экономикалық таңдау еркін білдіреді, яғни кәсіп түрін еркін таңдау, тауарларды өндіру мен айналымға шығару еркін, бәсеке, тұтыну, тағы басқа ерікті әрекеттерді білдіреді. Кәсіпкерлік қызметтің еріктілік белгісі конституциялық нормаларға сүйене отырып туындап отырған белгі қатарына жатады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 26 бабының 4 тармақшасына сай жүргізіледі. Ерікті кәсіпкерлік қызметтің көрінісін мемлекет тарапынан кепілдік беру мен қолдауда тауып отыр. Конституцияның осы нормасын қамтамасыз ету барысында 1996 жылы «Еркін кәсіпкерлік қызметті қамтамасыз етудің жүзеге асыру жолдарының қосымша шаралары туралы» ҚР Президентінің Жарлығы қабылданған болатын. Ерікті кәсіпкерлік қызмет әр адамның конституциямен бекітілген құқықтарының қатарына жатады.

Кәсіпкерлік қызметтің екінші белгісіне бастамашылық белгісін жатқызамыз. Бастамашылық белгіге сай кәсіпкерлер экономикалық қызметтің заңмен шектелмеген түрі мен өз бастамасымен айналысуды білдіреді. Бастамашылық белгі, негізінен, еріктілік белгісінен туындап отыр. Әр жеке тұлға өзінің қажеттілігіне сүйене отырып кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынтықсыз білдіруі қажет.

Кәсіпкерлік қызметтің соңғы белгісіне таза табыс табуға бағытталған әрекет ретінде болуы. Бұл қызмет кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде таза табыс табуға бағытталуы қажет. Егер тұлғаның әрекеті таза табыс табуға бағытталмаса кәсіпкерлік қызмет өзінің мәнін жоғалтады.

Кәсіпкерлік қызметтің түсінігін анықтағаннан кейін мемлекет өз тарапынан кәсіпкерлік қызметтің нысандарын анықтауға тырысты. Әрекет етуші заңдылыққа сай кәсіпкерлік қызмет түрлері бірнеше көрсеткіштерге негізделіп анықталады. Яғни, меншік нысанына байланысты, кәсіпкерлік қызметтің субъектісі мен оның ұйымдық нысанына байланысты. Кәсіпкерлік қызметтің түрлерге бөлінуі құқықтық реттелудегі ерекшеліктеріне негізделеді. Құқықтық реттеу ерекшеліктеріне сай олардың сипаттары анықталып, үстемдіктері мен кемшіліктері, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Ең сонында заң шығарушының кәсіпкерлік қызметтің қандай да түріне көп көңіл бөлуі оның дамуына негіз болуы мүмкін. Жеке меншік құқығына негізделген кәсіпкерлік қызмет жеке меншікке негізделген қызмет түріне жатады. Жеке кәсіпкерлік қызмет нысандары әртүрлі болып келеді. Негізінен жеке кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандарын анықтау арқылы кәсіпкерлік қызметтің субъектісін де анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының заңдылығына сүйенсек жеке кәсіпкерлік қызметті жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметі ретінде қарастырылады. Заңда «жеке тұлға» ұғымы азаматтар деп берілген, бірақ «азаматтар» ұғымына ҚР азаматтары, шетел азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар да кіреді. Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысуға шектеулер қойылмайды. Олар арнайы заңды тұлға құрмай кәсіпкер ретінде танылуы мүмкін, бірақ мемлекет тарапынан оларға кәсіпкер ретінде міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өту қажет.

Аталған қызметтен басқа кәсіпкерлік қызметтің қоғамдағы мәнін және рөлін көрсететін факторға оның әлеуметтік жауапкершілігін айтуға болады. Кәсіпкер саяси және әлеуметтік-мәдени ортада әрекет еткендіктен, өз мүдделері мен қоғамдық мүдделердің жүзеге асырылуын үйлестіре білуі керек. Сонымен қатар қоғамның тұрақтылығы тиімді экономикалық қызмет ету үшін қажетті жағдай болғандықтан әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға мүдделі болып келеді. Кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілік негізде әрекет етуі оларды тиімді дамуларына негіз болады. Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі тұғырнамасы алғашқы рет XIX ғ. аяғында XX ғ. басында Америкада пайда болған [2, с. 47].

К. Уолтон қазіргі уақыттағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің келесі компоненттерін бөліп көрсеткен: біріншіден, жеке бастың пайда табу көзқарасынан айрылу қажет, өйткені ол қоғамның өркендеуіне әкелмеуі мүмкін. Егер жеке мүдде мен қоғамдық мүдденің арасында қарама-қайшылық туындаса ол қоғамдық мүддеге бағыну жағдайы туындайды; екіншіден, экономикалық жүйе плюрализм мен конституционализм қағидасына сүйеніп, әрекет етуі қажет; қоғамның игілікті тұрмысы өкімет немесе бизнес бөлек-бөлек қамтамасыз етулері мүмкін емес, сондықтан осы екі субъект арасындағы қарама-қарсы тұруды азайтып келіссөзге келу қажет; төртіншіден бизнес жұмысшылардың да, инвесторлардың да, бәсекелестің де, тұтынушылардың мүдделерін теңестіріп маңыздысын анықтауы қажет [3, с. 28]. Осы әрекеттер жүзеге асырылса нарықтық экономика жағдайында қоғамдық мүдделер шектелмеуі мүмкін. Қазақстан Республикасының Конституциясы тікелей бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін 1 баптың 2 тармақшасанды келесі түрде бекітіп отыр: «... бүкіл халық игілігін көздеген экономикалық даму...» қағидасы ретінде бекітіліп отыр.

Субъектілер құрамына байланысты жеке кәсіпкерлік қызмет заңды және жеке тұлғалардың қызметі ретінде қарастырылса, мемлекеттік кәсіпкерлік қызмет мемлекеттік заңды тұлғаларымен сипатталады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда ғана құрыла алады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектілеріне;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызылуы мүмкін.

Заңды тұлға құрмаған, жұмыскерлердің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын дара кәсіпкер және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жұмыскерлердің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын жыл бойы активтерінің орташа жылдық құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

Есірткі заттарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті;

- акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме сатуды;
- астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;
- лотереялар өткізуді;
- ойын және шоу бизнес саласындағы қызметті;

- сертификаттау, метрология және сапаны басқару саласындағы қызметті;
- мұнай, мұнай өнімдерін, газ, электр және жылу энергиясын өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметті;
- радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметті;
- банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);
- аудиторлық қызметті;
- бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны осы субъектінің филиалдарының, өкілдіктері мен басқа да оқшау бөлімшелерінің жұмыскерлерін қоса алғанда барлық жұмыскерлері ескеріле отырып айқындалуы қажет. Заңды тұлға құрмаған жағдайда жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан астам дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елуден астам, бірақ екі жүз елу адамнан аспайтын және жыл бойғы активтердің орташа жылдық құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан артық немесе жыл бойғы активтердің жалпы құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылды. Өзіндік кәсіпкерлік бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай ақ мүлікті пайдалануға және оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырылды. Егер де некеде тұрған жеке тұлға жұбайын кәсіпкер ретінде көрсетпей өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде ол жұбайдың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға келісімі талап етілмейді. Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, егер заңдарда немесе неке шартында, немесе ерлі-зайыптылардың арасындағы өзге келісімге өзгеше көзделмесе, мұндай пайдалануға жұбайының келісімі қажет.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады. Яғни, бірлескен кәсіпкерлік кезінде жеке кәсіпкерлікпен байланысты барлық мәмілелер бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушыларының атынан жасалады, ал құқықтар мен міндеттер олардың атынан алынады және жүзеге асырылады. Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары: ерлі-зайыптылардың ортақ 1) бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі; 2) шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік; 3) жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігін жүзеге асырған кезде жұбайлардың бірі екінші жұбайдың келісімімен іскерлік айналымда ерлі-зайыптылардың атынан әрекет етеді, келісім дара кәсіпкерді тіркеу кезінде расталуы немесе дара кәсіпкердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырылған жағдайларда жазбаша түрде көрсетіліп, нотариалдық жолмен куәландырылуы тиіс. Ерлі-зайыптылардың біреуінің іскерлік айналымда ерлі-зайыптылар атынан әрекет етуіне екіншісінің келісімі болмаған кезде іскерлік айналымда әрекет ететін жұбай дара кәсіпкерлікті өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратындығы көзделген. Жеке кәсіпкерлік субъектілері астында көрсетілгендей бірнеше құқықтар мен міндеттерге ие.

Құқықтары:

- егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе жеке кәсіпкерліктің кезкелген түрін жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының заңдарын сәйкес жалдамалы еңбекті пайдалана отырып, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен филиалдар мен өкілдіктер құруға;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өндірілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бағасын дербес белгілеуге;
- жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өтеу негізінде қарызға қаражат беруге;
- өзінің құқықтық қабілеті шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін құруға;

- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері арқылы сарапшылық кеңестердің қызметтеріне қатысуға;

- бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын құқық қорғау органдарына және мемлекеттік органдарға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзуға кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселелері бойынша шағымдануға;

- өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге;

- жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына септігін тигізетін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге құқылы.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға;

- өндірілетін өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

- Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңына сәйкес лицензиялауға жататын жеке кәсіпкерлік түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуға;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген еркін бәсекелестікке басқа жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзу жолымен бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға бағытталған іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) тыйым салынады.

Ішкі нарықты қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларымен жүзеге асырылады. Коммерциялық құпияны қорғау коммерциялық құпияны қорғайтын ақпаратты заңсыз алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салудан тұрады. Жеке кәсіпкерлік субъектісі коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғауға шаралар қолданады. Жеке кәсіпкерліктің субъектісі немесе ол уәкілеттік берген адам өз қызметкерлерінен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария ету туралы қол қоюын талап етуге, ал оны тексеруді жүзеге асыратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы ескертуге құқылы. Міндетті түрде жариялануға не акционерлердің, шаруашылық серіктестік қатысушыларының немесе өзге де белгілі бір адамдар тобының міндетті түрде жеткізуге жататын ақпараттың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісінің құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркеу, бақылау функцияларын орындау кезінде және де басқа да іс әрекеттер жасау кезінде мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, оларға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттан басқа, коммерциялық құпияна қорғайтын ақпаратты бермеуге құқылы.

1. И.В. Амирханова, В.А. Романкова Правовое обеспечение индивидуального предпринимательства: проблемы теории и практики. - Алматы, 2003. - 149 с.

2. Ф. Шамхалов Государство и экономика. Власть и бизнес. - М., 1999. - 177 с.

3. Г.С. Сапарғалиев, Ж.Салимбаева Проблемы конституционной ответственности. - Алматы, 2001. - 208 с.

А. Ажибаева

ЗАЩИТА ИНТЕРЕСОВ МАТЕРИ И РЕБЕНКА В СЕМЕЙНОМ ПРАВЕ

Декларация прав ребенка в шестом принципе гласит, что «ребенок для полного и гармоничного развития его личности нуждается в любви и понимании. Он должен, когда это возможно, расти на попечении и под ответственностью своих родителей и во всяком случае в атмосфере любви и моральной и материальной обеспеченности; малолетний ребенок не должен, кроме тех случаев, когда имеются исключительные обстоятельства, быть разлучаем со своей матерью. На обществе и на органах публичной власти должна лежать обязанность осуществлять особую заботу о детях, не имеющих семьи, и о детях, не имеющих достаточных средств к существованию. Желательно, чтобы многодетным семьям предоставлялись государственные или иные пособия на содержание детей».

В пп.18-19 Плана действия по осуществлению Всемирной Декларации об обеспечении выживания, защиты и развития детей особое внимание уделяется роли семьи в жизни, развитии,